



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

3. Конвенция о защите прав человека и основных свобод (Заключена в г. Риме 04.11.1950) (вместе с Протоколом N 1 (Подписан в г. Париже 20.03.1952), Протоколом N 4 об обеспечении некоторых прав и свобод помимо тех, которые уже включены в Конвенцию и первый протокол к ней (Подписан в г. Страсбурге 16.09.1963), Протоколом N 7 (Подписан в г. Страсбурге 22.11.1984)) // СЗ РФ от 08.01.2001, N 2, ст. 163.
4. Всеобщая Декларация прав человека (Принята 10.12.1948 Генеральной Ассамблеей ООН) // Юридическая литература. - 1990. - С. 14-20.

ӘОЖ 327(574)(5-15)

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АРАБ ӘЛЕМІ ЕЛДЕРІ: МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ

Тажибаев Улугбек Халмуратович

Student_enu@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Аймақтану кафедрасының
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Ж.М. Сабитов

Қазақстан Республикасының сыртқы стратегиясының дамуында елеулі орын алған дипломатиялық қарым-қатынастардың бірі ретінде араб елі мемлекеттерін айтуымызға болады. Бұл мемлекеттермен болған қарым-қатынастардың орнатылуы және олардың дамуы біздің мемлекетіміз үшін өте маңызды, себебі бұл мемлекеттер Қазақстанның егемендік алған кездегі экономикасының тірегі болған мұнай және газ өндіру кешенінде қайталанбас тәжірибеге ие еді. Қазақстан және араб елдері мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастардың кезеңі 1990 жылдардың соңында, араб елдерінің Қазақстанның елордасы Астана қаласының инфраструктурасының дамуына инвестициялар бөлімен басталған болатын. Инвестициялар негізінен БАӘ және АЭ мемлекеттері арқалы жасалынды және бұл еліміздің экономикасының дамуында үлкен көмек болды. Негізінен, Қазақстан және араб елдері арасындағы ынтымақтастықтың дамуы бірнеше векторларда жүрді: сауда-экономика, инвестициялар, мұнай және газ секторы, мәдені байланыстар.

Осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасы көптеген араб елдерімен қарым-қатынас орнатып, олармен саяси, экономикалық, мәдени т.б. байланыстарды дамытып келеді. Атап айтсақ төмендегідей араб елдерімен дипломатиялық қатынастар орнатылған: Бахрейн Корольдігі, Мысыр Араб Республикасы, Марокко Корольдігі, Ұлы Социалистік Халықтық Либия Араб Жамәһириясы, Сирия Араб Республикасы, Катар Мемлекеті, Оман Сұлтандығы, Біріккен Араб Әмірліктері, Палестина Мемлекеті, Алжир Халық Демократиялық Республикасы, Ливан Республикасы, Ирак Республикасы.

Қазақстанның сыртқы саясатында негізгі орын алатын ірі әріптестердің бірі ретінде Мысыр Араб Әмірлігін айтуымыз керек.

Қазақстан мен Мысыр арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 6 наурызында орнатылды. Екі ел арасындағы қатынастардың құқықтық негізі ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жылғы Мысыр Араб Республикасына жасаған алғашқы ресми сапары кезінде біршама келісімдерге қол қою арқылы дамыған. Атап айтқанда, 1993 жылдың 14 ақпанында Қазақстан Республикасы мен Мысыр Араб Республикасы арасындағы өзара қатынастар мен ынтымақтастық негіздері туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісім 1995 жылдың 31 тамызында күшіне енді. 1993 жылдың сәуір айында Каирде ҚР елшілігі ашылды. [1]

Қазақстанның Мысырдағы тұңғыш елшісі болып Болатхан Құлжанұлы Тайжан тағайындалды. Қазақстанның Мысырдағы елші қызметін 1999-2002 жылдары Асқар Ахметұлы Мусинов, 2002-2008 жылдары Бағдат Құлтайұлы Әмреев, 2008-2011 жылдары Бахтияр Сардарбекұлы Тасымов атқарды. 2011 жылдың желтоқсан айында ҚР-ның МАР-

дағы Төтенше және Өкілетті елшісі болып Берік Сақбайұлы Арын тағайындалды. Ал 2012 жылдың 28 ақпанында елші Б.С. Арын Мысырдың Жоғары әскери кеңесінің төрағасы Мұхамет Хусейн Тантауиге сенім грамоталарын тапсырды. [2]

Мысырдың Қазақстан Республикасындағы елшілігі 1992 жылдың тамыз айында ашылды. МАР-дың Қазақстандағы қазіргі елшісі Абдалла әл-Арнуси.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жылы ақпанда Мысырға жасаған алғашқы ресми сапары, екіжақты ынтымақтастықтың барлық спектрлері бойынша өзара әрекеттестіктің сипатын айқындап берді, ол Қазақстан – Мысыр қарым-қатынастарының тарихындағы маңызды оқиға болды.

Н.Ә. Назарбаевтың 2007 жылы наурызда және 2008 жылы мамырда Мысырға ресми сапарлары, сондай-ақ 2006 жылғы МАР президенті Х.Мубарактың және 2016 жылғы ақпандағы Ә.Ф.Ас-Сисидің Қазақстанға ресми сапарлары екі ел арасындағы барлық салалар бойынша ынтымақтастықтың одан әрі дамуына мықты серпін берді.[3]

Осы жылдар ішінде тараптар әртүрлі деңгейде көптеген сапарлармен алмасты. Солардың қатарында Қазақстан мен Мысыр Парламенттері төрағаларының, Үкімет мүшелерінің, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың басшыларының сапарлары болды. Екі елдің Сыртқы істер министрліктері арасында саяси консультациялардың алты раунды өтті.

Екі ел арасындағы көпжақты форматтағы табысты ынтымақтастық пен жоғары деңгейдегі сенімнің жарқын мысалы ретінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне екі елдің кандидатураларын қолдау бойынша өзара келісімге қол жеткізгенін атап өтуге болады: 2016-2017 жылдар аралығында Мысыр және 2017-2018 жылдар аралығында Қазақстан.

Мысыр Азық-түлік қауіпсіздігі бойынша ислам Ұйымының Жарғысына және «ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесіне қатысу туралы Келісімге қол қойды.

Сондай-ақ Мысыр 29 тамызды – ядролық қарудан азат Халықаралық бейбітшілік күні ретінде жариялау, АӨСШК-ті пен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін шақыру жөніндегі қазақстандық бастамаларға қолдау көрсетті.

Астана қаласында 2003, 2006 және 2009 жылдары өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезінің жұмысына Бас имам Әл-Азһар Шейхінің, Мысыр Уақыфтар министрінің және 2015 жылы Әл-Азһар Шейхі атынан барған Мысыр мүфтиінің белсенді қатысуы конфессияаралық мәселелерді талқылау алаңына айналған аталған форумның табысты өтуіне және оның беделінің нығаюына айтарлықтай ықпалын тигізді.

Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы 1 қазанда орнады. ҚР-ның БАӘ-дегі Елшілігі 2006 жылдың қыркүйек айында ашылды. 2013 жылғы қазан айынан бастап ҚР-ның БАӘ-дегі Төтенше және Өкілетті Елшісі – Қайрат Қайырбекұлы Лама Шариф.

БАӘ-нің Астанадағы Елшілігі 2005 жылдың қазан айынан бастап жұмыс істейді. 2013 жылдың сәуір айынан бастап БАӘ-нің ҚР-дағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сухейл Матар әл-Китби болып табылады. Дубай қаласындағы ҚР Бас консулдығы 1997 жылдан бері жұмыс істейді.

Қазақстан мен БАӘ арасындағы қатынастар өзара түсіністік және сенім атмосферасында дамып келеді. Бұл жоғары және басқа да деңгейлердегі байланыстардың оң даму серпінімен нығайтылуда. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың БАӘ-не ресми және жұмыс сапарлары (1998, 2000, 2004, 2005, 2006, 2008, 2009, 2010, 2011, 2012 және 2013 жж.), сондай-ақ БАӘ-нің Президенті шейх Халифа бен Заид Әл Нахаянның ҚР-на жеке сапарлары (2004, 2006, 2007, 2009, 2010, 2011, 2012 және 2013 жж.) нәтижесінде екіжақты қатынастардың берік негізі қаланды.

Әмірліктер Қазақстанның негізгі сыртқы саяси бастамаларын белсенді қолдайды. Елдеріміздің өңірлік және халықаралық саясаттың көпшілік проблемалары бойынша ұстанымдары ұқсас. ҚР Президентінің 2009 жылғы наурыздағы БАӘ-не ресми сапары шеңберінде саяси консультациялардың бірінші кезеңі өтіп, нәтижесі бойынша ҚР және БАӘ

Сыртқы істер министрліктері арасындағы саяси консультациялар жөніндегі меморандумға қол қойылды. 2010 жылғы 12 мамырда Астана қаласында саяси консультациялардың екінші кезеңі өтіп, оның барысында тараптар негізгі саяси мәселелер, оның ішінде Ауғанстанда бейбіт өмірді қалпына келтіру бойынша іс жүзінде ұстаным ұқсастықтарын атап өтті. 2011 жылғы 28 қарашада Әбу Дабиде екі елдің сыртқы саяси мекемелері арасындағы консультациялардың үшінші кезеңі өтті. 2013 жылғы 16-18 қарашада ҚР Сыртқы істер министрі Е.Ыдырысов халықаралық «Сир Бени Яс» форумына қатысты.

2008 жылғы тамызда БАӘ Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (Азия Кеңес – АӨСШК) толық мүшесі болды. Сыртқы істер министрі шейх Абдалла бен Заид Әл Нахаян Азия Кеңестің Үшінші саммитіне (8 маусым 2010 ж., Ыстамбұл қаласы) қатысты. Мемлекеттік министр Рим Ибрахим әл-Хашими ханым Азия Кеңестің 2014 жылғы 20-21 мамырда Шанхайда өткен Төртінші саммитіне қатысты.

Екіжақты қатынастардың сапасы тек белсенді саяси сұхбатпен ғана шектелмейді. Қазақстан-әмірліктер қатынастарын нығайтуда сауда-экономикалық ынтымақтастық маңызды рөл ойнайды. БАӘ Таяу Шығыс елдері арасында Қазақстандағы ірі инвесторлардың бірі болып сақталуда. ҚР Ұлттық Банкінің мәліметтері бойынша, 2013 жылы Қазақстанға БАӘ-нен тартылған тікелей инвестициялардың ағымы 532 млн. АҚШ долл. құрады. Жалпы 2005 пен 2012 жылдар аралығындағы БАӘ-нен біздің елге тартылған тікелей инвестициялардың көлемі 1 млрд. 262 млн. АҚШ долл.-ға жетті.

2010 жылы қарашада көпфункционалды «Әбу Даби Плаза» кешенінің құрылысы басталды, ол 2016 жылғы қарашада аяқталуы қажет. Құрылыс аяқталғаннан кейін «Әбу Даби Плаза» Қазақстан мен Орталық Азиядағы ең биік ғимарат болмақ. 88 қабатты ғимараттың биіктігі – шамамен 382 метр. Кешенде: қонақ үй, кеңселер, тұрғын пәтерлер, сауда орталығы, қысқы бақ және көптеген нысандар орналасады. Кешеннің өзі бас қаланың халықаралық әуежайымен тіке монорельсті жолмен байланысады.

Отын-энергетика саласындағы ынтымақтастық белсенді жалғасып келеді. Мемлекеттік «Mubadala Development Co» (БАӘ) корпорациясының Каспий теңізінің қайраңында орналасқан кен орындарын басқа компаниялармен бірлесіп барлау және игеру бойынша қызметі табысты ынтымақтастықтың үлгісі болып табылады. Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстанда мұнай мен газды теңізде барлау саласына жаңа технологиялар мен әлемдік тәжірибені тартуға мүмкіндік береді.

2010 жылғы қаңтарда Әбу Даби үкіметінің Қазақстанда капитализациясы 500 млн. АҚШ долл. кем емес «Al Hilal Bank» алғашқы ислам банкін ашу жөніндегі шешімі, сондай-ақ қысқа мерзім ішінде Қазақстанда тікелей инвестициялардың алдыңғы қатарлы қорларының бірі болған бірлескен инвестициялық «Фалах» қорының құрылуы екіжақты байланыстардың қарқынды дамуының дәлелі болады. БАӘ және Қазақстан инвесторларынан тартылған қаражат көлемі 500 млн. АҚШ долл. құрайды.

Қазақстан Республикасының сыртқы саудасында Біріккен Араб Әмірліктері әлемнің 205 елі арасында 52-ші орында, оның ішінде: 42 Азия елі арасында – 16-шы орынды, ал Шығанақтағы араб елдері арасында 1-ші орынды алады. ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері бойынша 2013 жылы Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы сауда айналым көлемі 88 млн. АҚШ долл. асты, оның ішінде экспорт – шамамен 32 млн. АҚШ долл., импорт – 53 млн. АҚШ долл. астам. 2004, 2007, 2008, 2010 және 2011 жылдары Әбу Дабиде және Астанада өткен Үкіметаралық комиссияның отырыстары сауда-экономикалық саладағы қазақстан-әмірліктер қатынастарын дамытудағы маңызды қадам болып табылады.

Екіжақты мәдени-гуманитарлық қатынастар жалпы үдемелі дамуда және оның аясының тұрақты кеңею беталысы бар. 2009 жылы наурызда Елбасының БАӘ-не ресми сапары шеңберінде ҚР-ның БАӘ-дегі Мәдениет күндері өтті. 2010 жылы мамырда Астанада БАӘ-нің Мәдениет күндері өткізілді. Әмірліктер Қазақстанды Орталық Азия өңіріндегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың қорғаны, этносаралық және конфессияаралық келісімнің үлгісі деп қарастырады. БАӘ делегациясы Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің екінші

(12-13 қыркүйек 2006 ж.), үшінші (1-2 шілде 2009 ж.) және төртінші (30-31 мамыр 2012 ж.) съездеріне қатысты. Әбу Даби Тақ мұрагері, БАӘ Қарулы күштері Жоғары бас қолбасшысының орынбасары шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян 2011 жылғы 30 қаңтарда Астана қаласында 7-ші қысқы Азия ойындарының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. [4]

Соңғы кездесулерді атап айтатын болсақ, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 15 қаңтарындағы Біріккен Араб Әмірліктерінде болған ресми іс-сапарын айтып кету керек.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Біріккен Араб Әмірліктеріне жасаған бұл ресми сапарын Әбу-Даби әмірлігінің тақ мұрагері, БАӘ Қарулы күштері Жоғарғы Бас қолбасшысының орынбасары, шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен кездесуден бастады.

БАӘ Үкіметінің «Әл-Мушриф» резиденциясында өткен кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаев пен шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян екі елдің инвестициялық, энергетикалық, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы, сондай-ақ күн тәртібіндегі халықаралық өзекті мәселелерді кеңінен қозғады. Бұл кеңейтілген құрамдағы келіссөздердің соңында бірқатар құжатқа қол қойылды. Олар:

— Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Біріккен Араб Әмірліктеріндегі елшілігінің және Біріккен Араб Әмірліктерінің Қазақстан Республикасындағы елшілігінің қажеттіліктері үшін Астана қаласында және Әбу-Даби қаласында жер учаскелерін өзара өтеусіз пайдалануға беру туралы келісім;

— Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Дипломатиялық паспорттарды иеленуші азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама;

— Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері Ислам істері және уақыфтар бас агенттігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;

— «Астана ЭКСПО-2017» және «ЭКСПО Дубай-2020» бюросы арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум;

— Маңғыстау облысы әкімдігі мен DP World FZE компаниясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум; — Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері Сыртқы істер министрлігі арасындағы Консулдық мәселелері бойынша бірлескен комиссия құру жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

— Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері Экономика министрлігі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

— Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері Құрлықтағы және су көлігі федералдық агенттігі арасындағы Жолаушылар мен жүктердің автокөлік арқылы халықаралық тасымалы жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум.[5]

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының араб елдерімен, оның ішінде Мысыр Араб Республикасы және Біріккен Араб Әмірліктері мен жасалынып жатқан ынтымақтастығы экономикалық тұрғыдан ғана емес, бәлкім, саяси-мәдени және діни-рұхани тұрғыдан да мемлекетіміздің жан-жақты дамуына орасан үлесін қосып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сотрудничество Республики Казахстан с Арабской Республикой Мысыр // Министерство иностранных дел Республики Казахстан // http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/cooperation/asia_africa/19.
2. Посол РК вручил верительные грамоты председателю Высшего военного совета Египта, 28.02.2012 // http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/209125/
3. Договорно-правовая база. Перечень международных договоров РК. Арабская

Республика Мысыр // Министерство иностранных дел Республики Казахстан // http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/legal_basis/treaties/.

4. Қазақстан Республикасы мен Мысыр Араб Республикасы арасындағы қатынастар 23.09.2013//<http://mfa.greengo.kz/kz/content-view/sotrudnichestvo-respubliki-kazakhstan-c-arabskoj-respublikoj-egipet#sthash.svDQyoYT.dpuf>

5. Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы қатынастар // <http://www.mfa.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stanny-yntyma-tasty-y/aziya-zh-ne-afrika-memleketterimen-atynastar/8-material-aza/58-aza-stan-respublikasy-men-birikken-arab-mirlikteri-arasynda-y-atynastar>

6. Қазақстан-Біріккен Араб Әмірліктері: Ынтымақтастық негізі – өзара сенім // <https://egemen.kz/article/kazakstan-birikken-arab-amirlikteri-intymaktastyk-negizi-%E2%80%93-ozara-senim>

УДК 930(304,4+364)(44)

ФРАНЦИЯ В ЗАПАДНЫХ ИССЛЕДОВАНИЯХ

Тайшанова Салтанат Талгатовна

saltushka84@yahoo.com

Докторант кафедры Регионоведения, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – Сабитов Ж.М.

Монография американского исследователя Александра Кули «Большая игра и местные правила: новый контекст политики великих держав в Центральной Азии» исследует ситуацию в регионе с позиций США, России и Китая. Отметим, что три ведущих актора имеют свои интересы в центральноазиатском регионе, который обладает энергетическими и другими природными ресурсами. Например, основным инструментом китайской политики в ЦА является формирование ШОС, которая в последнее время усилила свое влияние. Автор приходит к выводу, что республики Центральной Азии активно участвуют в геополитической борьбе. Каждое из государств установило многостороннее сотрудничество с Россией, ЕС, США, Китаем, Индией[1].

Книга М. Ларуэль и С. Пейруза «Глобализирование Центральной Азии: геополитика и вызовы экономического развития» посвящена геополитике с точки зрения экономических интересов. Энергетические ресурсы региона привлекают геополитических игроков, среди которых отметим Россию, Китай и Европейский Союз. Перед центральноазиатскими государствами стоит непростая задача выйти на международный рынок, вместе с тем удерживать контроль над ресурсами и привлечь иностранные инвестиции. В регионе свои интересы имеет Турция, Иран, Индия, Япония, страны СНГ. Что касается Европейского Союза, то перед ним стоит выбор: проблемы безопасности, экономические рычаги и политические отношения [2].

Начиная с 2005 г. Франция укрепляет свои позиции в ЦА, прежде всего, на казахстанском рынке. Возобновился политический и дипломатический диалог между Францией и Узбекистаном, Францией и Туркменистаном. Например, по данным французского МИД объем заказов «Буиг» в Туркменистане значительно вырос, что способствовало росту французского экспорта в эту республику в 2009 г. [3].

В 2013 г. вышла коллективная монография «Миграция и социальные потрясения как проявления глобализации в Центральной Азии» под общей редакцией М. Ларуэль. В ней исследуются межрегиональные вызовы глобализации, в том числе усиление миграционных процессов. Как известно, миграция стала глобальным социальным феноменом и касается многих европейских стран, в том числе Франции. Примером могут служить взрывы в последние два года, которые случаются в Пятой Республике. Автор исследует потоки